

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ТЕСТИРОВАНИЯ»

БҰЙРЫҚ

Директор 10 маусым
Нур-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 245-НҚ
город Нур-Султан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының Ұйым қызметкерлерінің
корпоративтік этика қағидаларын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына және Министрліктің қарамағындағы ұйымдардағы әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдермен кездесу туралы жауапты хатшының 2020 жылғы 23 шілдедегі хаттамасына сәйкес, сондай-ақ жалпы қабылданған моральды-этикалық нормаларды жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:


1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК) Ұйым қызметкерлерінің корпоративтік этика қағидалары бекітілсін.

2. Әдеп жөніндегі уәкіл осы бұйрықпен «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК қызметшілерін таныстыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық кол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Д. Смагулов

003310

Ұйым жұмыскерлерінің корпоративтік этикасы туралы қағида

1. Жалпы ережелер

- 1) Корпоративтік этика қағидаларын әзірлеушінің атауы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық);
- 2) Білім беру саласындағы жұмыс (үздіксіз білім беру жүйесіндегі білім сапасын арттыру) Орталық жұмыскерінің моральды-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды;
- 3) Орталық қызметкерлерінің корпоративтік этика қағидалары 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жалпы қабылданған моральды-этикалық нормалармен Орталық қызметкерлерінің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді;
- 4) Орталық директоры мен Орталықтың барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жұмыскерлердің осы қағидалар талаптарын зерделеуін және орындауын қамтамасыз етеді;
- 5) Орталық жұмыскерлері жұмысқа қабылданғаннан кейін бір апта ішінде осы Қағидалармен жазбаша түрде танысуы қажет.

2. Орталық жұмыскерлері мінез-құлқының жалпы қағидалары

Орталық жұмыскерлері міндеті:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауға;
- 2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
- 3) Мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, Орталықтың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;
- 4) Республиканың білім беру саласының беделін нығайтуға, Орталықтың және жалпы білім беру жүйесінің беделін түсіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеуге;
- 5) заңдылық қағидатын ұстануға, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;
- 6) Орталықтың тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық

міндеттерін адал және жоғары кәсіби деңгейде орындауға;

7) лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін қандай да бір жеке, қаржылық және өзге мүдделердің ықпалына байланысты іс-әрекеттерді жасамауға;

8) сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;

9) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

10) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына және қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін қарау кезінде бюрократия мен әуре-сарсаңға салушылық көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

11) өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды өзінің қызметін жақсарту мен кемшіліктерді жою үшін пайдалануға;

12) адал, әділ, қарапайым және сыпайы болуға, жалпы қабылданған моральды-этикалық нормаларды сақтауға;

13) қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

14) туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыруға жол бермеуге;

15) бағынысты жұмыскерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін дәл айқындауға, нақты орындалмайтын тапсырмалар бермеуге, қарамағындағы жұмыскерлерден өздерінің қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеуге;

16) бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекілікке, адамдық қадір-қасиетін кемсітуге және жөнсіздік фактілеріне жол бермеуге;

17) бағынысты қызметкерлерді құқыққа қарсы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сыйыспайтын әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;

18) кәсіби дайындықтың қажетті деңгейіне ие болуға, соның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша;

19) Орталықтың басқа жұмыскерлері тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және олардың алдын алуға;

20) азаматтармен және лауазымды тұлғалармен қарым-қатынаста әдепті және мұқият болуға;

21) Орталықтың немесе жұмыскерлердің беделіне нұқсан келтіретін даулы жағдайлардан аулақ болуға;

22) қызметтік, кәсіптік этика нормаларын және іскерлік мінез-құлық қағидаларын сақтауға;

23) қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да ұйымдардың мүдделеріне, соның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға;

24) басшы лауазымдарды атқаратын Орталық қызметкерлері бағынысты

жұмыскерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлеуі тиіс;

25) көрсетілетін қызметтер үшін сыйақыны тікелей немесе жанама талап етуге және алуға тыйым салынады.

3. Орталық жұмыскерлері жұмыстан тыс уақытта

1) жалпы қабылданған моральды-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлықтарға, соның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық өнегелікке нұқсан келтіретіндей мас күйде болуға жол бермеуге;

2) қарапайымдылық таныту, тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдық имандылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке қолсұғушылықпен ұштасқан заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеуге және өзге азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартпауға міндетті.

3. Орталық жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы

1) Заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға;

2) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуге;

3) Орталық қызметкерлері өздерінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуге;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық туралы құқық бұзушылықтарды ашуға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болуға;

5) жұмыс орнында сыбайлас жемқорлық туралы құқық бұзушылықтарға төзбеушілік атмосферасын құруға;

6) Орталық бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауға;

7) өз өкілеттіктері шеңберінде туындаған мүдделер қақтығысының алдын алуға және заң нормаларын бұзбай шешуге;

8) сыбайлас жемқорлық туралы құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда бұл туралы дереу хабарлауға;

9) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың, жұмыскерлердің, тестіленуші адамдардың, тест тапсырмаларын әзірлеу, сараптау саласында өз

қызметін жүзеге асыратын тұлғалар мен өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін жұмыс жағдайын пайдаланбауға;

10) әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап етуге және қолдауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін және табыс табумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдемдесуге бағытталған іс-әрекеттерді жасаудан бас тартуға;

12) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

13) басқа тұлғаларды сыбайлас жемқорлық туралы құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеуге;

14) тестілеуді өткізу кезінде тестіленушілердің нәтижелеріне өзгерістер енгізу үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

15) мүдделер қақтығысы туындаған кезде, яғни Орталық жұмыскерінің жеке мүдделілігі мен оның өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауы немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіруге қабілетті қайшылық туындайтын жағдайда, жұмыскер оның алдын алу және реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға міндетті;

16) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өз жұмыс немесе оларға теңестірілген функцияларын атқарғаны үшін заңды және жеке тұлғалардан ақшалай қаражатты, көрсетілетін қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қоса алғанда сыйақы қабылдамауға;

17) ҰТО ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ қолданыстағы заңнамамен беруге тыйым салынбаған ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға ұсынудан бас тартпауға;

18) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

19) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмауға;

20) негізсіз бюрократизм көріністеріне, сондай-ақ дәрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеу;

21) Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

5. Көпшілік алдында сөйлеу

1) Орталық қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді Орталық директоры немесе бұған уәкілеттік берілген жұмыскерлер жүзеге асырады.

2) көпшілік алдында сөз сөйлеу және қызметтік ақпаратты берудің

белгіленген қағидаларын сақтайды;

3) Орталықтың жұмысы туралы қоғамды ақпараттандыру жөніндегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметіне құрметпен қарайды;

4) Орталық жұмыскерлері өзінің және Орталықтың беделіне нұқсан келтірмей, пікірталастарды әдепті түрде жүргізуі тиіс;

5) Орталық жұмыскерлері мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін көпшілік алдында білдірмеуі тиіс, егер ол:

- мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмейді;

- қызметтік ақпаратты ашады;

- мемлекеттің лауазымды тұлғалардың, Орталықтың лауазымды тұлғаларының, басқа да жұмыскерлердің атына әдепке жат сөздер айтудан тұратын болса.

6) көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлегенде ҚР аумағында жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын шетел валютасында белгілеуден бас тарту;

7) жұмысларға Орталық қызметіне байланысты емес мәселелер бойынша Орталық атынан жариялымдар жасауға жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдарды жариялау жеке тұлға ретінде тек өз атынан жүзеге асырылуы мүмкін;

8) Орталық жұмыскеріне сыбайлас жемқорлық жасады, біреулердің мүдделерін қолдады, сондай-ақ заңсыз табыс пен мүлік алды деп негізсіз көпшілік алдында айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару, оның ішінде сот тәртібімен теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

